

"Ақтау, Форт-Шевченко қалаларында, Құрық ауылы және Кендірлі демалыс аймағында су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу туралы" Маңғыстау облысы әкімдігінің 2008 жылғы 20 наурыздағы № 181 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2009 жылғы 14 қазандағы № 2788 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 21 қазанда № 2057 тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 24 тамыздағы № 130 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды-Маңғыстау облысы әкімдігінің 24.08.2023 № 130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Тақырыпта және бүкіл мәтін бойынша "поселке", "поселкелер", "поселкелерге", "поселкелері", "поселкелерді", "поселкелердің" деген сөздер тиісінше "кент", "кенттер", "кенттерге", "кенттері", "кенттерді", "кенттердің" деген сөздермен; "ауыл (село)", "ауылдық (селолық)", "ауылдардың (селолардың)", "ауылдарды (селоларды)", "ауылдар (селолар)", "ауылдарға (селоларға)" деген сөздер тиісінше "ауыл", "ауылдық", "ауылдардың", "ауылдарды", "ауылдар", "ауылдарға" деген сөздермен ауыстырылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 30.06.2016 № 194 қаулысымен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне, "Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қаңтардағы № 42 қаулысына сәйкес, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ақтау, Форт - Шевченко қалаларында, Құрық ауылы және Кендірлі демалыс аймағында су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу туралы" Маңғыстау облысы әкімдігінің 2008 жылғы 20 наурыздағы № 181 қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2009 болып тіркелген, "Маңғыстау" газетінде 2008 жылғы 13 мамырда № 73 жарияланған, " Ақтау, Форт - Шевченко қалаларында, Құрық ауылы және Кендірлі демалыс аймағында су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу туралы" Маңғыстау облысы әкімдігінің 2008 жылғы 20 наурыздағы № 181 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Маңғыстау облысы әкімдігінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 2631 қаулысымен толықтыру енгізілген, нормативтік құқықтық кесімдерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2040 болып тіркелген, "Маңғыстау" газетінде 2009 жылғы 7 ақпанда № 22 (7457) жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1 - қосымшасында:

2 - тармақтың екінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"Ерекше бағалы балық шаруашылығы маңызы бар Форт - Шевченко, Құрық ауылы аумағындағы және Кендірлі демалыс аймағындағы теңіз учаскелері үшін су қорғау белдеулерінің еніне, бекітілген жобалық құжаттама негізіндегі Түпқараған ауданының Аташ, Баутино қойнауындағы теңіздік мұнай операциялары базасының төгінді алаңындағы ұзындығы 1,12 км Каспий теңізінің жағалауындағы су қорғау белдеуінен басқа, жерінің еңістігі мен іргелес жатқан сипатына қарамастан, кемінде 100 метр қабылданады.";

2 - тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын: " Түпқараған ауданының Аташ, Баутино қойнауындағы мұнай операциялары базасының төгінді алаңындағы теңіз учаскелері үшін су қорғау аймағының шекарасы, Аташ базасының шекарасындағы жақтаумен қосылады және Каспий теңізінің су қорғау белдеуінің әрекет үстіндегі шекарасының басымен иіліп қосылады."

2. Түпқараған ауданының әкімі (С.Ө. Трұмов) енгізілген өзгеріс пен толықтыруды есепке ала отырып, Аташ теңіздік мұнай операциялары базасының төгінді алаңының су қорғау белдеулерінің шекараларын нақты түріне көшіруді, жерді-есепке алу құжаттамасына өзгеріс енгізуді жүзеге асырсын және осынау жұмыстардың жүргізілуіне тұрақты бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ. Боқановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ. Көшербаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Жер ресурстарын басқару Агенттігінің

Атырау және Маңғыстау облыстары бойынша

өңіраралық жер инспекциясы бастығының м.а.

М.Қ. Жексенов

14 қазан 2009 жыл

Маңғыстау облысы табиғи ресурстар

және табиғат пайдалануды реттеу

басқармасының бастығы

М.М. Жұнбасов

14 қазан 2009 жыл

Су ресурстарын пайдалануды реттеу
және қорғау жөніндегі Жайық - Каспий
бассейіндік инспекциясының бастығы

Б.О. Қуанов

14 қазан 2009 жыл

Жайық-Каспий экология департаменті
Маңғыстау облыстық филиалының бастығы

Ы.Н. Ноғажев

14 қазан 2009 жыл

Маңғыстау облысы жер қатынастары
басқармасы бастығының м.а.

Қ. С. Оразбаев

14 қазан 2009 жыл

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық
қадағалау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша
департаментінің бастығы

Б.Б. Өтесінов

14 қазан 2009 жыл